

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін зымырандардың бөлінетін бөлшектері құлайтын аудан ретінде пайдалана отырып, Домбаровский позициялық ауданынан зымырандар ұшыруды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 73 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін зымырандардың бөлінетін бөлшектері құлайтын аудан ретінде пайдалана отырып, Домбаровский позициялық ауданынан зымырандар ұшыруды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін зымырандардың бөлінетін бөлшектері құлайтын аудан ретінде пайдалана отырып, Домбаровский позициялық ауданынан зымырандар ұшыруды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

1 9

а қ п а н д а ғ ы

№

7 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін зымырандардың бөлінетін бөлшектері құлайтын аудан ретінде пайдалана отырып, Домбаровский позициялық ауданынан

зымырандар ұшыруды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1972 жылғы 29 наурыздағы Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияны басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты негізге ала отырып,

Тараптардың ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастыққа ұмтылысын назарға ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мүдделеріне орай ғарыш кеңістігін игеруде РС-20 континентаралық баллистикалық зымыраны базасында ұшыру жүйесін пайдалануда өзара тиімді ынтымақтастық мақсаттарында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің нысанасы

Осы Келісімнің нысанасы Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысын зымырандардың бөлінетін бөлшектері құлайтын аудан ретінде пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының аумақтарының үстінен ұшу трассасы бойынша Ресей Федерациясының Орынбор облысында орналасқан Домбаровский позициялық ауданынан (бұдан әрі – Домбаровский позициялық ауданы) зымырандар ұшыруды жүргізуге байланысты Тараптар арасындағы қатынастарды реттеу болып табылады.

Зымырандарды ұшыру халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ғарыш жобаларын іске асыру мақсаттарында жүзеге асырылады.

2-бап

Уәкілетті органдар

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті;

Ресей Тарапынан – Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Тараптар өздерінің уәкілетті органдары өзгерген жағдайда, бұл туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3-бап

Пайдаланылатын ұғымдар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

«авария» – зымыранның, оның бөлінетін бөлшектерінің және/немесе фрагменттерінің Қазақстан Республикасының аумағына құлау ауданының шегінен тыс жерге құлауы, сондай-ақ зымыранның басқа да бөліктерінің немесе зымыранның бірінші сатысына жатпайтын олардың фрагменттерінің құлау ауданына құлауы;

«жалдаушы» – Қазақстан Тарапының уәкілетті органымен келісу бойынша Маңғыстау облысының әкімдігімен құлау ауданын уақытша өтеулі жер пайдалану құқығына шарт жасасу үшін Ресей Тарапының уәкілетті органы айқындайтын ұйым;

«зымыран» – ғарыш аппаратын (ғарыш аппараттарын) және осы Келісім шеңберінде тасымалдағыш зымыран функциясын орындайтын басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын РС-20 континентаралық баллистикалық зымыраны;

«зымырандарды ұшырудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін аспаптық бақылау» – зымырандарды ұшырудың құлау ауданы мен трасса асты аумағындағы қоршаған орта жай-күйінің химиялық, физикалық және биологиялық көрсеткіштеріне әсерін т а л д а м а л ы қ б а қ ы л а у ;

«зымыранның бөлінетін бөлшектері» – ұшу процесінде зымыраннан технологиялық жолмен бөлінетін зымыранның құрамдас бөлшектері (сатылар, басты қалқан);

«құлау ауданы» – Домбаровский позициялық ауданынан ұшыру кезінде зымырандардың бөлінетін бөлшектерін қабылдауға арналған, осы Келісімнің қосымшасында айқындалған координаталары бар Қазақстан Республикасының а у м а ғ ы н д а ғ ы ж е р у ч а с к е с і ;

«ұшыруды жүргізетін ұйым» – осы Келісім шеңберінде зымырандарды ұшыруды жүзеге асыратын Ресей Федерациясының стратегиялық мақсаттағы зымыран әскерлері;

«фрагменттер» – жерге авариялық құлау барысында зымыранның қирауы салдарынан пайда болған зымыранның элементтері немесе зымыранның, ғарыш аппараттарының бөліктері (сынықтары, жарықшақтары, зақымдалған аспаптары және т.б.).

4-бап

Құлау ауданын беру талаптары

1. Қазақстан Тарапы Ресей Тарапына уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен құлау ауданы ретінде Қазақстан Республикасының аумағындағы жер

2. Жалдаушы Маңғыстау облысының әкімдігімен атап айтқанда, құлау ауданын пайдалану және қайтаруды көздейтін құлау ауданы ретінде уақытша өтеулі ақылы жер пайдалану құқығы шартын (бұдан әрі – жалдау шарты) жасасады.

3. Жалдау шарты Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып жасалады және оның мерзімі ұзартылады.

4. Құлау ауданын пайдалану үшін жылдық жалдау төлемақысы 460 000 (төрт жүз алпыс мың) АҚШ долларын құрайды және жалдау шартының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының бюджетіне аударылады.

5. Ресей Тарапы құлау ауданын пайдаланған кезде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экологиялық талаптарды сақтай отырып, табиғатты пайдалануды;

2) қазақстандық мамандармен бірлесіп, құлау ауданында экологиялық мониторинг бойынша жұмыстар жүргізуді, Қазақстан Тарапына мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсына отырып, қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалауды әзірлеуді, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы, Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы және Қазақстан Тарапының уәкілетті органы бекітетін зымырандар ұшырудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін бірлескен аспаптық бақылау бағдарламасын әзірлеуді және іске асыруды;

3) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органымен келісілген әдістемелер бойынша құлау ауданын зымыранның бөлінетін бөліктерінен тазарту мен оны детоксикациялау жөніндегі, сондай-ақ жерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар өткізуді;

4) әрбір ұшырудан кейін және бір жыл ішінде серпініне қарай экологиялық ахуалдың бақылануын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

6. Ресей Тарапы Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органымен келісілген тәртіппен зымырандардың барлық бөлінетін бөлшектерін және/немесе фрагменттерін жинауды және кәдеге жаратуды жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағында зымырандардың бөлінетін бөлшектерін және/немесе фрагменттерін және улы заттарды сақтау мен көмуге тыйым салынады.

7. Зымырандар ұшыруды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану Ресей Тарапының уәкілетті органы осы Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін орындаған жағдайда жүзеге асырылады.

5-бап

Ұшыру жоспарын келісу тәртібі

1. Осы Келісімді іске асыру мақсатында Ресей Тарапы ұшыру жүргізудің алдындағы жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей, ұшыру мерзімдерін (тоқсанға бөліп) көрсете отырып кезекті жылға арналған Домбаровский позициялық ауданынан зымырандар ұшыру жоспарын дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Тарапына келісу үшін ж о л д а й д ы .

Ұшыру жоспары туралы ақпарат құпия болып табылады және жария етуге ж а т п а й д ы .

2. Қазақстан Тарапы кезекті жылға арналған зымырандарды ұшыру жоспарына қатысты өз шешімі туралы алдыңғы жылдың 30 желтоқсанына дейін дипломатиялық арналар арқылы Ресей Тарапын хабардар етеді. Ұшыру жоспары бойынша оң шешім оны іске асыруға және Маңғыстау облысының әкімдігі мен жалдаушының арасында жалдау шартын жасасуға (мерзімді ұзартуға) негіз болып табылады. Қазақстан Тарапымен ұшыру жоспары тұтастай немесе жоспар шеңберіндегі жекелеген ұшыру келісілмеген жағдайда, Қазақстан Тарапы келісуден бас тарту себептері туралы хабарлайды және мұндай ұшыру іске асырылмайды.

6-бап

Ұшыру жөнінде ақпарат беру тәртібі

1. Ұшыруды жүргізетін ұйым жоспарланған ұшыру күніне дейін 30 тәуліктен кешіктірмей Қазақстан Тарапының уәкілетті органына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне:
1) ұ ш ы р у к ү н і н ;

2) ғарыш аппараты (ғарыш аппараттары) туралы деректерді: атауын, мақсатын, дайындаушысын, ұшыруға тапсырыс берушіні, орбитаның параметрлерін, массасын;

3) зымыран отынының құрамдастарын зымыран сатылары бойынша олардың санын , зымыран сатылары бойынша зымыран отыны құрамдастарының кепілдік берілген қ а л д ы қ т а р ы н ы ң с а н ы н ;

4) зымыранның ұшу циклограммасын көрсете отырып, бұл туралы алдын ала а қ п а р а т ж і б е р е д і .

Көрсетілген ақпарат өзгерген кезде ұшыру жүргізетін ұйым бұл туралы Қазақстан Тарапының уәкілетті органын және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін дереу хабардар етеді.

2. Ұшыру жүргізетін ұйым ұшыруға дейін кемінде 5 тәулік қалғанда Қазақстан Тарапының уәкілетті органын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органын, Ақтөбе

және Маңғыстау облыстарының әкімдіктерін ұшырудың негізгі, резервтік күнін және есептік уақытын көрсете отырып, зымыранды алдағы ұшыру туралы хабардар етеді.

Қазақстан Тарапының уәкілетті органы хабарламаны алған кезден бастап бір тәулік ішінде оны алғанын жазбаша түрде растайды.

Ұшыру күнін және/немесе есептік уақытын өзгерту немесе ұшырудың резервтік күніне ауысу кезінде ұшыру жүргізетін ұйым ұшырудың қайта белгіленген күніне/уақытына дейін 24 сағаттан кешіктірмей бұл туралы Қазақстан Тарапының уәкілетті органын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органын, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының әкімдіктерін хабардар етеді. Ұшыру уақыты 24 сағаттан кем уақытқа ауыстырылған жағдайда, хабардар ету дереу жүргізіледі.

Ұшыру жүргізетін ұйым жалға алушымен және Маңғыстау облысының әкімдігімен бірлесе отырып, ұшыру алдында ұшыруға дейін 5 тәулік ішінде құлау ауданына іргелес жатқан аумақта (40 км-ге дейін) тұратын халықты құлақтандыруды, сондай-ақ ұшыру уақытында адамдарды және ауыл шаруашылығы жануарларын құлау ауданынан у а қ ы т ша ш ы ғ а р у д ы жү р г і з е д і .

Ұшыру уақытында құлау ауданына іргелес жатқан аумақта (40 км-ге дейін) тұратын халықты қауіпсіз аумаққа уақытша шығару қажеттігін жалға алушы Маңғыстау облысының әкімдігімен келісу бойынша айқындайды.

Халықты уақытша шығаруға байланысты шығыстарды жалға алушы көтереді.

3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында Ресей Тарапының уәкілетті органы жоспарланған ұшыру күніне дейін кемінде 7 тәулік қалғанда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін зымыранның ұшу трассасы бойынша және құлау ауданының үстінде уақытша пайдалану режимін белгілеу жөнінде ұсыну ж о л д а й д ы .

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін Қазақстан Тарапының қамтамасыз етуі мүмкін болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ұшыру күніне дейін кемінде үшінші тәулік бұрын бұл туралы Ресей Тарапының уәкілетті органына хабарлайды және ұшыру осы баптың 2-тармағының үшінші абзацында көзделген т ә р т і п п е н а у ы с т ы р ы л а д ы .

4. Ұшыру жүргізетін ұйым Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басқару пунктімен жедел байланыс арнасын қамтамасыз етеді. Ұшыру жүргізетін ұйым осы арна бойынша ұшыру жүргізілгенге дейін 2 сағаттан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ұшыруға әзірлігі немесе оны ауыстыру туралы хабарлайды, сондай-ақ нақты уақыт режимінде зымыранның ұшырылуы және Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуі туралы ақпарат береді.

Зымыранның ұшырылуы және Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып

өтуі туралы ақпарат бір мезгілде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының басқару пунктіне және Қазақстан Тарапының уәкілетті органына жолданады.

5. Ұшыру жүргізетін ұйым ұшыру жүргізілген күннен бастап бір тәулік ішінде оның жүргізілу фактісі туралы Қазақстан Тарапының уәкілетті органын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органын, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының әкімдіктерін жазбаша түрде хабардар етеді.

6. Ұшыру жүргізетін ұйым ұшыру жүргізілген күннен бастап 15 тәулік ішінде Қазақстан Тарапының уәкілетті органына және Маңғыстау облысының әкімдігіне ұшырудан кейін құлау ауданында жүргізілген, құлау ауданының аумағына тікелей жақын маңда тұратын халықты құлақтандыру, құлау ауданынан адамдарды және ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша шығару (мұндай шара жүргізілген жағдайда) туралы мәліметтерді, Қазақстан Республикасының аумағында зымыранның бөлінетін бөліктері құлаған жерлердің (нүктелердің) координаталарын, зымыран отынының құрамдастары қалдықтарының төгілгені, зымыранның бөлінетін бөліктерінің құлауы салдарынан болған жану мен қирау (олар болған жағдайда) және олардың салдарын жою жөнінде жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтерді, зымыранның бөлінетін бөліктері құлаған, зымыран отынының құрамдастары ластаған орындарды детоксикациялау жөніндегі жұмыстар туралы мәліметтерді қамтитын іс-шаралар туралы ақпарат ұсынады.

7. Ұшыру жүргізетін ұйым зымыран ұшыру жүргізілген күннен бастап 30 тәулік ішінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органына, Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына және Қазақстан Тарапының уәкілетті органына Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы, Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы және Қазақстан Тарапының уәкілетті органы бекітетін нысан бойынша ұшыруға дейін және одан кейін қоршаған ортаға зымырандар ұшырудың тигізетін әсерін бірлескен аспаптық бақылау бағдарламасы жөніндегі есепті ұсынады.

7-бап

Авария туындаған жағдайдағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының күштері мен құралдары жалдаушымен шарт бойынша авариялық жағдайлардағы іс-қимылдарға әзірлікке келтіріледі.

Жоспарланған ұшыру уақытына дейін 8 сағат қалғанда ұшыруды жүргізетін ұйым және Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы

өздерінің авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының әзірлігі туралы ақпарат
а л м а с а д ы .

2. Зымыранды ұшыруды жүргізу кезінде авария болған жағдайда, ұшыруды жүргізетін ұйым аварияның фактісі, авария болған уақыт пен оның биіктігі және зымыран фрагменттерінің және/немесе бөлінетін бөлшектерінің құлауы болжанған аудан туралы Қазақстан Тарапының уәкілетті органын, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органын, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Қазақстан Республикасының тиісті облыстарының жергілікті атқарушы органдарын дереу құлақтандырады, ал Ресей Тарапының уәкілетті органы дереу ресейлік мамандардың жедел тобын құрады және авария болған кезден бастап 12 сағаттан кешіктірмей жағдайды бағалау, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органымен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, оның ішінде оқшаулауға жататын аумақты айқындау жөніндегі және аварияның салдарын жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-шараларды орындау үшін оларды авария болған ауданға жібереді.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының күштері мен құралдары ұшыруды жүргізетін ұйыммен және жалға алушымен келісілген көлемдерде және мерзімдерде жағдайды бағалау және авария салдарын жою жөніндегі кезек күттірмейтін іс-шараларды орындауға кіріседі.

Авария болған ауданда Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары авария болған ауданда тұратын халықты құлақтандыруды жүзеге асырады және қажет болған кезде авария салдарын жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге
ж ә р д е м к ө р с е т е д і .

Авария фактісі бойынша Тараптар мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде үкіметтік комиссияларды құрады, олар аварияның себептерін тергеп-тексеру, залалды бағалау және салдарын жою жөнінде одан әрі бірлескен іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

Үкіметтік комиссиялар құрылғанға дейін зымыран фрагменттерінің және/немесе бөлінетін бөлшектерінің құлаған жерлерін іздестіру, жағдайды бағалау және аварияның салдарын жою жөніндегі жұмыстарға басшылықты:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының у ә к і л е т т і ө к і л і ;

2) Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің уәкілетті өкілі жүзеге асырады.

4. Тараптардың авария салдарын жою жөніндегі бірлескен іс-қимылдар тәртібін келісу үшін авария болған кезден бастап 24 сағаттың ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органы мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі уәкілетті өкілдерінің бірлескен шешімімен аварияның салдарын жою жөніндегі бірлескен штаб құрылады (бұдан әрі – бірлескен штаб), ол үкіметтік комиссиялар құрылғаннан кейін олардың қарамағына өтеді.

Бірлескен штаб аварияның салдарын жою жөніндегі жұмыстардың көлемі мен

мерзімдерін, тартылатын күштер мен құралдардың құрамы мен міндеттерін, олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ медициналық, ветеринариялық және экологиялық зерттеп-қарау міндеттерін айқындайды; техникалық тапсырмалар әзірлеп, олар бойынша жұмыстар жүргізеді, сондай-ақ аварияның салдарын жою жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын бақылауды жүзеге асырады.

Зымыранның фрагменттерін және/немесе бөлінетін бөлшектерін жинау, халықты медициналық зерттеп-қарау, авария болған ауданды санитариялық-гигиеналық, экологиялық және ветеринариялық зерттеп-қарау, қоршаған ортаның сынамаларын іріктеу және талдау жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғанда, жағдайды бағалау бойынша тартылатын күштер мен құралдардың іс-қимылы бірлескен штабпен келісілген тәртіппен, көлемдерде және әдістемелер пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Бірлескен штаб бір тәулік ішінде қызметтің тиісті бағыттары бойынша жұмыс топтарын құрады (іздістіру, аварияның салдарын жою жөнінде, медициналық-санитариялық, ветеринариялық, экологиялық, экономикалық залалды және аварияның салдарын бағалау жөнінде, зерттеп-қарау нәтижелерін қорыту және үкіметтік комиссиялар есебінің бөлімдерін дайындау бойынша және қажет болуына қ а р а й б а с қ а л а р ы) .

5. Үкіметтік комиссиялардың бірлескен шешімі бойынша аварияның салдарын бағалау және жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге мемлекеттік органдардың мамандары, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұйымдары тартылуы мүмкін.

6. Жұмыс топтарының жұмыс нәтижелеріне сәйкес қызмет бағыттары бойынша орындалған жұмыстар туралы бірлескен актілерге қол қойылады, оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы бағалар мен тарифтер бойынша жүргізілетін тиісті есептер және жүргізілген шығыстар мен келтірілген материалдық залалды растайтын басқа да құжаттар қоса беріледі (оның ішінде, зымыран фрагменттері мен бөлінетін бөлшектері табылған жерлердің тізбесі мен координаталары, олардың фотосуреттері, бейнежазбалары (олар бар болса), келтірілген з а л а л д ы ң с и п а т т а м а с ы) .

7. Авария салдарынан Қазақстан Республикасына келтірілген залалды (экономикалық, экологиялық залалды, жердің айналымнан шығарылуына байланысты залалды, ауыл шаруашылығы өндірісіне келтірілген залалды және залалдың басқа да түрлерін) бағалау жөніндегі және аварияның салдарын бағалау мен жоюға байланысты Қазақстан Республикасының шығыстары туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының үкіметтік комиссиялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлейді және Ресей Федерациясының үкіметтік комиссиясына береді.

8. Жұмыс топтарының бірлескен актілері мен үкіметтік комиссиялардың ұсыныстарын қарау нәтижелері бойынша үкіметтік комиссиялардың төрағалары бірлескен хаттамаға қол қояды, онда орындалған жұмыстардың көлемі мен нәтижелері,

сондай-ақ қорытынды шешімдер көрсетіледі.

9. Қазақстан Тарапы зымыранның фрагменттері және/немесе бөлінетін бөлшектері құлаған жерлерге ресейлік мамандардың кіруін қамтамасыз етеді.

Бірлескен штаб зымыранның фрагменттерін және/немесе бөлінетін бөлшектерін жинайтын алаңды орналастыратын жерді айқындайды және оларды күзетуді қамтамасыз етеді. Алаңға кіруді осы баптың 2-тармағында айтылған ресейлік мамандардың жедел тобының мүшелері бақылайды.

Қазақстан Тарапы режимдік іс-шараларды сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағынан жиналған зымыранның барлық фрагменттерін және/немесе бөлінетін бөлшектерін Ресей Тарапына дереу қайтаруды қамтамасыз етеді.

Егер зымыранның фрагменттерін және/немесе бөлінетін бөлшектерін іздестіру және жинау жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ осы Келісімнің Тараптары болып табылмайтын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың мүдделерін қозғайтын жағдайда Қазақстан Тарапының уәкілетті органымен келісу бойынша Ресей Тарапының уәкілетті органы олардың өкілдерін авария ауданындағы іс-шараларға тарта алады.

10. Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының аумағына ресейлік мамандардың кіруі мен аумағынан шығуы кезінде, аварияның салдарын жоюға арналған ресейлік жабдықтар мен материалдарды әкелу және әкету кезінде, сондай-ақ авария себептерін айқындау үшін зымыранның фрагменттерін және/немесе бөлінетін бөлшектерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде шекаралық бақылауды онайлатылған тәртіппен және кедендік баждар, салықтар мен алымдарды алмай, кедендік ресімдеуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Тарапы аварияның салдарын жоюға қатысатын Ресей Федерациясына әуе дәліздері мен әуе кемелеріне тұрақтарды басым тәртіппен ұсынады.

11. Авария болған жағдайда аварияның себептері анықталғанға дейін Ресей Тарапы зымырандарды одан әрі ұшыруды тоқтата тұрады, бұл туралы Қазақстан Тарапына х а б а р л а й д ы .

12. Аварияның себептерін тергеп-тексеру материалдарын Тараптардың уәкілетті органдары Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Ресей Федерациясының Ү к і м е т і н е ұ с ы н а д ы .

13. Ресей Тарапының уәкілетті органы келесі ұшырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау туралы Қазақстан Тарапының уәкілетті органына хабарлайды және осы Келісімнің 8-бабының талаптарын орындағаннан кейін Қазақстан Тарапымен келісу бойынша ұшыруды қайта бастайды.

8-бап

Аварияның салдарларын бағалауға және жоюға байланысты залал мен шығыстарды өтеу

Қазақстан Республикасына авария салдарынан келтірілген залал мен зиянды, сондай-ақ аварияның салдарын бағалауға және жоюға байланысты шығыстарды Тараптардың үкіметтік комиссиялары келіскен көлемдерде және мерзімдерде Ресей
Т а р а п ы ө т е й д і .

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы төлемдер есепшотқа жүзеге асырылады, Қазақстан Тарапы олардың деректемелерін дипломатиялық арналар арқылы жібереді.

9-бап

Дауларды шешу тәртібі

Осы Келісімді орындау және түсіндіру кезінде Тараптар арасында туындауы мүмкін даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-бірі оны қолданудың бастапқы 5 жылдық мерзімі немесе Келісім автоматты түрде ұзартылған жағдайда, тиісті келесі кезеңі аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда екінші Тарапты хабардар етпесе, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

2. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

3. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің күшіне енуі үшін айқындалған тәртіппен күшіне енеді.

2015 жылғы «__» _____ каласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Ресей Федерациясының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Қазақстан Республикасының аумағындағы
жер учаскесін зымырандардан бөлінетін
бөлшектері құлайтын аудан ретінде
пайдалана отырып, Домбаровский
позициялық ауданынан зымырандар
ұшыруды жүргізу кезіндегі өзара іс-қимыл

жасау тәртібі туралы келісімге
қосымша

Домбаровский позициялық ауданынан ұшыру кезінде зымырандардың бөлінетін бөлшектерін қабылдауға арналған құлау ауданы ретінде бөлінетін жер учаскесінің координаталары

| Учаскенің нысаны | Орталықтың координаталары | | Осьтердің мөлшерлері | Үлкен осьтің азимуты | Учаскенің ауданы | Әкімшілік тиесілілігі |
|---------------------|------------------------------|-----------------|-------------------------|-------------------------|---------------------|--------------------------|
| | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық | | | | |
| Эллипс | 43°02'30" | 55°43'20" | 40x20 км | 197°65' | 628 шаршы км | Маңғыстау облысы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК